

DOI 10.47649/vau.2020.v58.i3.15a

FTAMP 10.15.23

ӨОЖ 342.41

А.Ж. Бақытова¹, Б.Д. Кушқалиев²¹Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті²Атырау облысы Полиция департаменті

Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: a.bakytova@asu.edu.kz

КОНСТИТУЦИЯНЫ БІЛУ – ӨРКЕНИЕТТІ ӨМІР НОРМАСЫ

Мақалада құқықтық сенімділік қағидатын талдау, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын білудің конституциялық презумпциясы, оларды орындау міндеттілігі талданған. Конституциялық құқық ғалымдарының конституциялық теориясының дамуына қосылатын үлесі сипатталды. Қазақстан Республикасы Конституциясының саяси-құқықтық және әлеуметтік мәнісін қазақстандық қоғам мен мемлекеттің тәуелсіздік алғаннан кейінгі дамуын анықтайтын өзгеше заңи-мәдени құбылыс ретінде зерттеген. Қазақстан Республикасы егемендігінің толық конституциялық-құқықтық сипаттамасы беріліп, оны нығайту және дамыту ісіндегі Конституцияның маңызы көрсетілген. Қоғамның дамуына және азаматтар мен олардың бірлестіктерінің құқықтары мен бостандықтарын іске асыруға, олардың заңды міндеттерін орындауға қолайлы жағдайлар жасау мақсатында мемлекеттік органдардың тиімді жұмысын, құқық бұзушыларды заңды жауапкершілікке тартуды қамтамасыз етуде Конституцияның үстемдігі мен тікелей әрекеті конституциялық құқықтық тәртіптің өлшемдері ретінде аталған. Конституциялық құқықтық тәртіпті қамтамасыз ететін конституцияның үстемдігі қағидасына материалдық және формальды екі аспектіде түсінуге болатындығына назар аударылып, олардың мазмұны ашылған. Конституцияның идеалды мәтіні конституциялық құқықтық тәртіпте орындалмайынша оның үстемдігіне кепілдік бере алмайды деген қорытындыға келген. Конституциялық құқықтық тәртіп конституцияның тұрақтылығын, оның объективті қажеттілікпен жиі түзетулеріне жол берілмеуін болжайды деген тұжырым дәлелденген.

Негізгі сөздер: Конституция, Қазақстан Республикасы, егемендік, мемлекет, қоғам.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 25 жылдығы конституциялық тәжірибені түсінуге, оның тиімділігін арттыру жолдарын қарастыруға маңызды себеп болып табылады. Қазіргі Конституция мемлекет пен қоғамның дамуында тұрақтандырушы рөл атқарады. Конституциялық теорияның ғылыми әлеуетін көтеру мемлекетіміздің алдына қойған стратегиялық бағыттарын шешуші басты мақсаттардың бірі болып табылады. Қазіргі таңда көптеген азаматтарды «Конституция бойынша өмір сүру дегеніміз не?» деген өзекті сұрақ толғандыратыны сөзсіз. Академиялық және жоғарғы оқу орындарындам құқығы мен бостандығын мойындайтын және қамтамасыз ететін құқықтық, әлеуметтік, демократиялық мемлекеттің конституциялық идеалына жетудің жолдарын көрсететін ғылыммен қамтамасыз ету мақсатында құқықтық сауаттылықты арттыруда «Құқық негіздері» курсы оқытып жатыр.

Конституциялық билікке көшуде конституциялық нормалардың нақтылығын айқындап, оларды заңгерлердің біліп, күнделікті тәжірибеде қолдануы тұрақты әлеуметтік өмірге әкеледі. Құқықтық тәрбие - бұл ұлттық маңызы бар мәселе. Құқықтық білім беру жүйесін дамыту және заң ғылымын нығайту - мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Сондай-ақ, қоғамның экономикалық және әлеуметтік даму факторларының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы Конституциясын білу мемлекеттік қызметке кіруге үміткер тұлғалардың

кәсіпқойлық білімі мен дағдыларына қойылатын ең басты талаптардың бірі болып табылады.

Құқықты және мемлекеттің заңдарын білу конституциялық презумпциясы Конституцияны жалпыға бірдей білуді мемлекеттік қызметкерлер мен құқық қорғау органдары қызметкерлеріне ғана емес, барлық азаматтарға міндеттейді. Өйткені, Қазақстан Республикасының Конституциясының 34-бабында «Әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті» делінген. Нақты қаратып айтылмаған: «әркім», «барлық», «ешкім», «ешкімге» деген сөздер халықаралық құқықтық актілерде қалыптасқан тұрақты терминологияға сәйкес келеді және олар пайдаланылатын бұл норма азаматтығына қарамастан, кез келген адамға қолданылатынын білдіреді. Осылайша, ҚР Конституциясының 34-бабы Қазақстан Республикасы азаматының, шетел азаматының және азаматтығы жоқ адамның «әрқайсысының» міндетін қамтиды. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтау қоғамдық тәртіпті қалыпты ұстау, мемлекеттің әлеуметтік, саяси, экономикалық функцияларын орындауы, еліміздегі заң үстемдігін қамтамасыз ету үшін қажет. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтау Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына жүктелген мемлекеттік құқық қорғау функцияларды жүзеге асыруға ықпал етеді. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заң ережелерін бұзғаны кінәнің ауырлық дәрежесіне және нысанына қарай қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық немесе тәртіптік жауаптылыққа тартылады. [1, б.270]

Конституция бойынша өмір сүру нені білдіреді? Өйткені, Конституция тек заңгерлер мен мемлекеттік қызметкерлерге ғана қатысты деген сөз жоқ, бұл барлық Қазақстан Республикасы азаматтарына ортақ Негізгі Заң. Конституцияны білу - бұл міндетті шарт және оны бұлжытпай орындау негізгі жауапкершілікті жүктейді.

Сонымен, «Конституцияны білу» деген нені білдіреді? Сонымен, «Конституцияны білу» деген нені білдіреді? Бұл «Конституцияның мәтінін немесе оның мазмұнын білу» дегенді білдіре ме? Немесе «конституцияның тарихын білу керек» деген бе? Әлде «конституциялық нормалардан басқа, оларды жасайтын заңдарды да білесіз бе» деген түсінікпе? «Конституциялық нормаларды орындау тәжірибесін білесіз бе» дегенсұрақ па?

Қойылған сұрақтарға жауап беру Конституцияның құзіреттіліктерін қамтамасыз ететін заңдылық қағидалары аясында ғана мүмкін болады.

Заңдылық қағидаларына: заң үстемдігі – барлық нормативтік және жеке құқықтық актілердің заңға бағыныстылығын білдіреді; заңдылықтың тұтастығы – нормативтік актілерді түсіну мен қолдану елдің бүкіл аумағында бірдей болуы тиіс дегенді білдіреді; заңдылықтың мақсатқа сәйкестігі – құқық шығармашылық және құқықты жүзеге асыру қызметінің қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін ең дұрыс түрлерін қатаң түрде заңдардың шегінде таңдау қажеттігін, заңдылық пен мақсатқа сәйкестілікті қарама-қарсы қоюды болдырмауды білдіреді, яғни, мақсатқа сәйкестілікті себеп қылып заңды бұзуға жол берілмейді; заңдылықтың шынайылығы – құқықтық ережелердің барлық қызмет түрлерінде ісжүзінде орындалуына жетуді және оларды кез-келген түрде бұзу міндетті түрде жауапкершілікті көздейтінін білдіреді. [2, б.77]

Осы заңдылық қағидаларына сүйене отырып төмендегідей негіздер бойынша сұрақтарға жауап бере аламыз.

Біріншіден, Конституцияны білу - Қазақстан Республикасы конституциялық даму тарихын, қолданыстағы Конституцияның қабылдану тарихын білу болып табылады. Өйткені, әр елдің конституциясы сол елдің әлемдік дәрежесін анықтайтын құжат екені даусыз. Мемлекет белгілері осы құжат негізінде қалыптасады. Мемлекеттің басты мақсаты уақытпен қалыптасқан мемлекеттің механизм элементтерін: ұлттық мемлекеттік құрылымды, басқару құрылымын, мемлекеттің тәртіптік жүйесін қамтамасыз етуші құқық қорғау органдары құрылымын сақтап қалу. [3, б.39]

Екіншіден, Конституцияны білу – Негізгі Заңның теориясын білу деп түсінеміз. Ата заңымыздың тұрақтылығын қамтамасыз ететін Конституция мәтінінің нақтылығы оның мазмұндық сапалығымен бағаланады. Негізгі Заңның мазмұны конституциялық теорияда көрініс тапқан. Ғылымда конституция негізін қалаушы философия - конституционализм философиясы болып табылады. Конституционализм - бұл биліктің жеке және ұжымдық бостандықтармен келісу мақсатында үкіметтің билігі заңдармен, тексерулермен және тепе-теңдіктермен шектелген басқару жүйесі. Конституционализм идеясы демократияның ілгерілеуімен және таралуымен тығыз байланысты. Конституция - бұл елдің негізгі заңы және тірегі, ал конституционализм - конституцияға немесе басқа да негізгі құжаттарға және конституциялық принциптерге негізделген басқару жүйесі. Конституциялық жүйеде үкіметтің беделі оның ұлттық конституцияда жиі кездесетін шектеулерді сақтауына байланысты. [4,б.57]

Үшіншіден, Конституцияны білу – конституциялық тәжірибені білу. Ғылымның дамуына әлеуметтік сұраныс және қызметтегі тәжірибелік күзиреттіліктердің қажеттілігі негіз болады. Конституциялық тәжірибе конституциялық теорияның логикалық тұрғыдан толық қамтамасыз етілгендігін көрсетеді, өйткені ол мемлекет пен қоғам дамуының конституциялық және құқықтық заңдылықтарын түсінудің маңызды құжаты ретінде, ғылыми еңбектерде көрсетілген теориялық ережелердің тәжірибеде іске асырушы ретінде әрекет етеді және Конституцияны жүзеге асырудағы практикалық құқық қолдану қызметінің нәтижесі болып табылады.

Конституцияның дамуы конституциялық және заңды талап ететін жаңа әлеуметтік қажеттіліктерді реттеуші қоғамдық қатынастардың үнемі өзгеруінде, дамуында, пайда болуымен байланысты. Осыған орай жоғары сенімділікті қамтамасыз ететін Конституция елдің әлеуметтік деңгейін анықтайды.

Төртіншіден, Конституцияны білу – бұл конституциялық бақылау тәжірибесін білу, Конституциялық Кеңестің құқықтық ұстанымдарын толық білуді білдіреді, оның құқықтық сенімділік принципін мемлекеттің құқықтық жүйесінің қалыптасуы мен жұмыс істеуінің конституциялық қағидаты ретінде бекіту жөніндегі қызметі өте маңызды. Конституциялық Кеңес Негізгі Заңда белгіленген өзінің миссиясы мен функцияларына сай, Қазақстан өмірінің барлық жағын конституцияландыру үдерісіне белсене қатысады, заңнамада қазіргі заманғы жүйелі бастаулар орнығуына септігін тигізеді, жалпы танылған және ұлттық құндылықтарды мемлекет құрылысы мен құқық жүйесінде іске асырады, адамның, қоғам мен мемлекеттің арасында өркениетті өзара қарым-қатынастар дамуын ынталандырады. Конституциялық Кеңес дау туған жағдайда Республика Президентінің, Парламент депутаттарының сайлауын өткізудің дұрыстығы және республикалық референдум өткізу туралы мәселені шешеді; Парламент қабылдаған заңдардың Республика Конституциясына сәйкестігін Президент қол қойғанға дейін қарайды; Республиканың халықаралық шарттарын бекіткенге

дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарайды; Конституцияның нормаларына ресми түсіндірме береді. [5, 72-бап]

Бесіншіден, Конституцияны білу кәсіптік қызметте, күнделікте өмірде конституциялық құндылықтар мен идеалдарды білу, түсіну және басшылыққа алу болу табылады. Негізгі Заңның деңгейі конституциялық теория мен тәжірибедегі орын алатын қарама қайшылықтар туындауына байланысты азаматтардың оған деген қарым қатынастарына тәуелді болғандықтан, көтеріліп отырған мәселенің маңызы зор. Азаматтар мен лауазымды тұлғалардың конституциялық нұсқамалардың орындылығы мен тиімділігіне сенуі оларды жүзеге асырудың маңызды шарты болып табылады. Кейбір тұлғалар мұндай нормаларды жалпыға бірдей және міндетті деп қабылданбағандықтан, олар конституциялық құқықтық қатынастарға қатысушылардың ішкі саналы құқықтық міндеттеріне айналмайды. Сондықтан да, басты міндет конституциялық ойлау стилін қалыптастыру деп айтуға болады.

Заң оларды тудыратын сезімдерді емес, әрекеттерді реттейді. Сонымен бірге, заң – бұл адамдардың еркі мен санасы арқылы әрекеттететін әлеуметтік қатынастарды реттеудің құралы. Құқықтық әлеуметтік қатынастарға әсер ететін психологиялық механизмінің маңызды ерекшелігі – құқықтық реттеу құқықтық нормаларда қарастырылған мінез-құлықты қалыптастыруға және реттеуге ықпал етеді. Заңның үстемдігін қамтамасыз етуге мүдделі адамдар осы заңдардың қабылдануына себепкер болған адамдар болып табылады.

Заңның үстемдігін қамтамасыз етуге бел буған тұлғалардың басты құқықтық әрекеті – дәлелдеу болып табылады. Қорғаушы болсын, мемлекеттік айыпкер болсын эмоцияға берілмей, заңдарға негізделген дәлелдемелермен әрекет етеді. Кәсіби заңгер теориялық білімін жинақталған фактілер мен дәлелдерге сүйене отырып тәжірибеде қолданатыны даусыз.

Кәсіби заңгер қоғамның озық дамуы сол елдің ғылымымен тікелей байланысты екенін айқын біледі. Ғылымның дамуына түрлі үлес қосатын ізденушілік жұмыстарда сол елдің халқының көзқарасы ескерілуі тиіс. Демократиялық қоғамда елдің әлеуметтік жағдайына, тұрмыстық салтына байланысты сан пікірлер қалыптасатыны даусыз. Дамыған елдер тәжірибесі көрсетіп отырғандай демократиялық қоғамның көзқарасы билікпен үндес болуы үшін ғылыми зерттеушілік ізденістер болуы керек. Еліміз үшін өте зәру нәрсе ол құқық саласындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеу орталықтары.

Қазіргі кездегі негізгі өзекті мәселе – азаматтық қоғам. Бұл іске ешбір партиялардың дауы, қарсылығы жоқ, бәрі де осы бағытты мойындайды.

Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекетті дамытпай демократияны, керісінше демократияны одан ары қарай дамыту үшін азаматтық қоғамды, құқықтық мемлекетті жетілдіруіміз қажет. Сонда бұлар қазіргі демократия теориясы мен практикасында бір бірінен ажырағыссыз, эволюциялық ұғымдар.[6, б.118]

Ата Заңымыздың өскелең өмір талаптарына сай болуы үшін жаңа идеялар мен реформалардың қажеттігін ескеріп жиырма бес жыл бұрын Ата Заңды дайындауға қатысқан ғалымдар, ҚР ҰҒА академиктері – Салық Зиманов, Сұлтан Сартаев және Ғайрат Сапарғалиев және ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті Мұрат Жұрынов және Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың еңбегі қазіргі таңда ерекше бағаланады. Ресми мәліметтерге қарасақ, құжатты талқылауға 3 млн. 345 мың адам қатысыпты. Жұртшылық тарапынан сарапталған 31 мың 886 ұсыныс түссе, соның 1 мың 100-і конституция жобасына енгізілген. Тұңғыш Президенттің өзі бастама көрсетіп, сол кездері Еуропа мен Азияның, Солтүстік және Латын

Америкасының, барлығы 20-дан астам дамыған және дамушы елдерінің конституцияларын зерттеп, зерделеп шықты. Сосын 1994 жылы өз қолымен Әділет министрлігіне жаңа конституцияның жобасын тапсырған екен.

Заң тұрғысынан сауаттылықтың бастауы, бірінші кезекте – Конституцияны білу. Қоғамның құқықтық мәдениетін арттырмай, әрбір азаматтың бойында Ата Заңға деген терең құрмет сезімін тәрбиелемей, оның нормативтік ережелерін күнделікті тұрмысымызға сіңдіруге тікелей және белсенді араласуға дайындықты қалыптастырмай, экономикалық, саяси және әлеуметтік міндеттерді шешуге болмайтынын уақыт көрсетті.

АҚШ-тың танымал заңгерлерінің бірі – Л. Фридмэн өзінің «Американың құқығына кіріспе» атты кітабында былай деп жазады: «Құқықтық мәдениет – бұл сол немесе өзге бір заң практикада қаншалықты жиі қолданылатынын немесе бұзылатынын, одан қалай жалтаратынын немесе оны қалай теріс пайдаланатынын айқындайтын қоғам өмірінің барометрі, сонымен бірге қоғамдық күш те болып табылады. Құқықтық мәдениет жоқ жерде құқықтық жүйе де қауқарсыз».

Әдебиеттер тізімі

1 «Қазақстан Республикасының Конституциясы. Ғылыми-практикалық түсіндірме: түсіндірме / Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті - Елбасының Қоры. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі. - Астана: Полиграфкомбинат, 2018. - 664 б.

2 Өміржанов Е.Т. Құқық негіздері: оқу құралы - Алматы: LEM, 2014. - 152 б.

3 Пряхина Т.М. Знать конституцию /Вестник саратовской государственной юридической академии №1 (96)-2014. 38-45 с.

4 Мотен Абдул Рашид. Конституция және конституционализм. Малайзиядағы үкімет және саясат Cengage Learning AsiaPteLtd. ISBN 978-981-4239-27-1; 981-4239-27-5, с.47-62

5 Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жыл 30 тамыз (2019 ж. өзгерістер мен толықтырулар) <http://adilet2an.kz/kaz/docs/K950001000>

6 Рогов И.И. Конституция – Қазақстанның қарышты дамуының негізі /Егемен Қазақстан, 30 Тамыз, 2017 <https://egemen.kz/article/157622-konstitutsiya-%E2%80%93-qazaqstannynh-qaryshty-damuyynh-negizi>

7 Қыдырбаев Ж.Б. Қоғамдық бірлестіктер азаматтық қоғам институттары ретінде. Х.Досмухамедов атындағы Атырау МУ Хабаршысы. №4 (47) желтоқсан, 2017. 117-124 б.б.

ЗНАНИЕ КОНСТИТУЦИИ - НОРМА ЦИВИЛИЗОВАННОЙ ЖИЗНИ

Статья посвящена анализу принципа правовой определенности, конституционной презумпции знания Конституции РК и законов, обязанности их соблюдения. Подчеркивается вклад в развитие конституционной теории ученых конституционного права. Автором исследована политико-правовая и социальная сущность Конституции Республики Казахстан как своеобразного юридикто-культурного феномена, определяющего развитие казахстанского общества и государства после получения независимости. Дается полная конституционно-правовая характеристика суверенитета Республики Казахстан и значение Конституции в деле его укрепления и развития.

В качестве критериев конституционного правопорядка называются верховенство и прямое действие Конституции; эффективная работа органов государства в целях создания благоприятных условий для развития общества и реализации прав и свобод граждан и их объединений, исполнения ими юридических обязанностей; обеспечение неотвратимости привлечения правонарушителей к юридической ответственности. Обращается внимание на то, что обеспечивающий конституционный правопорядок принцип верховенства Конституции можно понимать в двух аспектах материальном и формальном; раскрывается их содержание. Делается вывод о том, что даже идеальный текст Конституции не может гарантировать ее верховенства без его воплощения в конституционном правопорядке. Обосновывается вывод о том, что конституционный правопорядок предполагает стабильность Конституции, недопустимость ее частных, не обусловленных объективной необходимостью поправок.

Ключевые слова: Конституция, Республика Казахстан, суверенитет, государство, общество.

KNOWLEDGE OF THE CONSTITUTION IS THE NORM OF CIVILIZED LIFE

The article analyzes the principle of legal certainty, the constitutional presumption of knowledge of the Constitution of the Republic of Kazakhstan and laws, and the obligation to comply with them. The contribution of constitutional law scholars to the development of the constitutional theory is emphasized. The author studies the political, legal, and social essence of the Constitution of the Republic of Kazakhstan as a kind of legal and cultural phenomenon that determines the development of Kazakhstan's society and state after independence. The full constitutional and legal characteristics of the sovereignty of the Republic of Kazakhstan and the significance of the Constitution in its strengthening and development are given.

As criteria of constitutional law called the supremacy and direct action of the Constitution; effective work of state bodies in order to create favorable conditions for the development of society and the rights and freedoms of citizens and their associations, the performance of their legal responsibilities; ensure the inevitability of bringing perpetrators to legal liability. Attention is drawn to the fact that the principle of the supremacy of the Constitution, which ensures constitutional law and order, can be understood in two aspects: material and formal; their content is revealed. It is concluded that even the ideal text of the Constitution cannot guarantee its supremacy without its implementation in the constitutional legal order. The author substantiates the conclusion that the constitutional law and order presupposes the stability of the Constitution and the inadmissibility of its frequent amendments that are not objectively necessary.

Keywords: Constitution of the Republic of Kazakhstan, the sovereignty of the state, society.

References

- 1 «Qazaqstan Respýblıkasynyń Konstıtýtsıasy. Gylymı-praktıkalyq túsındirme: túsındirme / Qazaqstan Respýblıkasy Tuńǵysh Prezidenti - Elbasynyń Qory. Qazaqstan Respýblıkasynyń Konstıtýtsıalyq Keńesi. Qazaqstan Respýblıkasynyń Ádilet ministrliǵı. - Astana: Polıgrafkombinat, 2018. - 664 b.
- 2 Ómirjanov E.T. Quqyq negizderi: oqý quraly - Almaty: LEM, 2014. - 152 b.
- 3 Priahina T.M. Znat konstıtýtsıı / Vestnik saratovskoi gosýdarstvennoi ıurıdicheskoi akademii №1(96)-2014. 38-45
- 4 Moten Abdýl Rashıd. Konstıtýtsıa jáne konstıtýtsionalizm. Malazııadaǵy úkimet jáne saıasat Cengage Learning Asia Pte Ltd. ISBN 978-981-4239-27-1; 981-4239-27-5, s.47-62
- 5 Qazaqstan Respýblıkasynyń Konstıtýtsıasy, 1995 jyl 30 tamyz (2019 j. ózgerister men tolyqtırýlar) <http://adilet2an.kz/kaz/docs/K950001000>
- 6 Rogov I.I. Konstıtýtsıa – Kazaqstannyń qaryshtydamýynyń negizi / Egemen Qazaqstan, 30 Tamyz, 2017 <https://egemen.kz/article/157622-konstitutsiya-%E2%80%93-qazaqstannyn-qaryshtydamuynyn-negizi>
- 7 Qydyrbaev J.B. Qoǵamdyq birlestikter azamattyq qoǵam institýtтары retinde. Kh.Dosmuhamedov atyndaǵy Atyraý MÝ Habarshysy. №4(47) jeltoqsan, 2017. 117-124 b.b.

Information about the authors:

Aidana Bakytova, Master of Laws. Senior Lecturer, Department of Civil Law, Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Burabay Street, house no. 56, Atyrau, Kazakhstan, e-mail: a.bakytova@asu.edu.kz

Bolat Kushkaliyev, Deputy Chief of the Police Department of Atyrau region, Atyrau, Kazakhstan